



Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары бірлескен отырысының қаулысы

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы 27 мамыр

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру, инновациялық технологияларды енгізу перспективалары туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру және инновациялық технологияларды енгізу перспективалары бойынша жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, төмендегілерді атап өтеді.

Астана қаласының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың 2017-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) энергетикалық ресурстарды жаңғырту, технологиялық дамыту және ұтымды және экологиялық жауапты пайдалануға көшу негізінде энергия үнемдеу әлеуетін іске асыру және энергетикалық тиімділікті арттыру есебінен бәсекеге қабілеттілікті, қаржылық орнықтылықты, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті арттыруды, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Кешенді жоспар шеңберінде Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында 189 іс-шараны іске асыру көзделді, оның ішінде 118 іс-шара орындалды, 60 – орындалған жоқ, 2017-2020 жылдарға көзделмеген – 11 іс-шара.

«Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-ге Кешенді жоспарда 4 іс-шара бекітілген, оның ішінде 3-і орындалды.

2017 жылдан бастап күн және жел энергия көздерін енгізу бойынша жоба енгізілді. Өндірілген электр энергиясы көше және саябақты жарықтандыруға бағытталады, бұл қалалық желілер мен бюджетке жүктемені азайтуға мүмкіндік берді.

Қалада жаяу жүргіншілердің қозғалыс орындарын жарықтандыратын күн батареяларымен 5 жаяу жүргіншілер өткелі орнатылды, бұл қауіпсіздікті арттыруға және жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын ЖКО санын азайтуға мүмкіндік берді.

Бес жабық аялдаманы электрмен жабдықтау олардың төбесіне күн панельдерін орнату арқылы автономды аялдамаға ауыстырылды, бұл аялдамаларды электрмен жабдықтауды, жылытуды және жарықтандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Саябақтар мен скверлердің аумақтарында электр энергиясын үнемдеуді қамтамасыз ету үшін күн панельдері мен жел генераторлары бар жарықшамдар орнатылды. Жарықшамдар CREE LED чипі бар жарықдиодты шамдармен жабдықталған, бұл ұзақ қызмет ету мерзімін және электр энергиясын үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Халықаралық әуежайдан шыққан кезде күн сәулесін жинайтын және оны қалалық желіге беретін электр энергиясын өндіру үшін «гүл» орнатылды.

Орталық цирктің жанында өздерін электрмен қамтамасыз ететін цирк ғимаратының тақырыбын қолдау үшін тіректерге «БҰН» түріндегі сәндік жарықшамдар орнатылған.

Негізгі демалыс орындарында жел генераторлары бар «ағаштар», Қазақстанда өндірілген «күн гүлдері» орнатылды.

Сондай-ақ, ЖЭК-тен Рысқұлов, Ұлы Дала көшелерін жарықтандыру жұмыстарына ауыстырылды.

Әуежай дөңгелек жүйесі аймағында жел генераторлары бар «Болотов қондырғысы» орнатылған, олар әлсіз жел кезінде де жеткілікті электр энергиясын өндіреді.

ШЖҚ «Астана Су арнасы» МКК әкімшілік ғимаратының шатыры толығымен күн панельдерімен жабылған, энергия ғимараттың қажеттіліктеріне бағытталады. Сондай-ақ, сорғы станцияларында қосымша күн батареялары орнатылған.

«Нұр-Сұлтан қаласында ақылды көше жарығын жасау және пайдалану» МЖӘ жобасы шеңберінде инвестор қаражаты есебінен 30 877 көше жарығы шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыру орындалды. Сондай-ақ, автоматты басқару жүйесі, диспетчерлік пункт құрылды. Жобаны іске асыру көшелерді жарықтандыруға жұмсалатын шығындарды жыл сайын 30%-дан астам үнемдеуге мүмкіндік берді.

Диспетчерлік пункттің құрылуы көше жарығын автоматты режимде басқаруға және авариялық жағдайларды қадағалауға мүмкіндік берді. Жүйе тәулік уақыты мен жарықтандыру деңгейіне байланысты шамдарды автоматты түрде қосады және өшіреді.

Қалалық энергетикалық ресурстарды басқару жүйесін (ҚЭРБЖ) енгізу, оның ішінде ғимараттарды таңбалау жүйесін енгізу қаржыландырудың болмауына байланысты орындалған жоқ.

Бұдан басқа, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары Кешенді жоспарды орындау мақсатында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұйымдастырушылық шараларды орындауға жауапты лауазымды тұлғаларды тағайындады; жауапты персонал энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында оқытылды; энергия ресурстарын үнемдеудің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді; А+ немесе А++ энергия тиімділігі сыныбы бар кеңсе және тұрмыстық техника қолданылады; қыздыру шамдары жарықдиодты жарықтандыруға ауыстырылды.

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 12 700 тоннадан астам шартты отынды (35 мегаватт/сағ жуық) (100 тонна шартты отын 1 вагон көмірдің жағылатын энергиясына тең) үнемдеу әсері алынды.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары (бұдан әрі – тұрақты комиссиялар) Кешенді жоспардың 60 іс-шарасы орындалмағанын және 2017-2020 жылдарға 11 іс-шара көзделмегенін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму комитетінің ақпаратына сәйкес, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметін бағалау қорытындылары бойынша соңғы үш жыл ішінде Нұр-Сұлтан қаласы төмен баға көрсетіп отыр.

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің жалпы саны 775 ұйымды құрайды, оның 503-і мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты ұсынбаған.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жергілікті атқарушы органдардың жылына энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кемінде бір МЖӘ жобасын іске асыруы бойынша 46-тармағын іске асыру қамтамасыз етілмеген. 2015-2020 жылдар аралығында Нұр-Сұлтан қаласында осы салада небәрі 1 МЖӘ жобасы іске асырылды.

Сондай-ақ қуаты 25 Вт және одан жоғары қыздыру шамдарын сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасын бұзу фактілері бар (мысалы, 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 657 Шарттың 86-сы осы талаптарды бұза отырып жасалған).

«Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ ұсынған ақпарат бойынша Кешенді жоспардың бірде-бір іс-шарасы «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-де орындалмаған, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ-де кешенді жоспардың 8 тармағы орындалмаған.

Отырыс барысында кешенді жоспарды орындау бойынша ақпарат өзектендірілмегені, қателіктері бар екені, Кешенді жоспардың орындалу барысын төмен бақылау байқалғаны туралы айтылды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру және инновациялық технологияларды енгізу перспективалары бойынша жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне мыналар ұсынылсын:

орындалмау себептерін негіздей отырып, сондай-ақ экономикалық есептеулермен Кешенді жоспардың әрбір тармағын іске асыру бойынша өзектендірілген ақпарат беру;

Кешенді жоспардың толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету;

Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты ұсынуы бойынша бақылауды күшейту;

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жергілікті атқарушы органдардың жылына энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кемінде бір МЖӘ жобасын іске асыруы бойынша 46-тармағын орындау жөнінде шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасын бұзу фактілерін жою;

Кешенді жоспарды орындамағаны үшін тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат беру;

«Жасыл» экономика саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандар санын ұлғайту;

энергия үнемдеу саласында ақпараттық жарықтандыру жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы ұсыныстар дайындау;

жергілікті атқарушы органның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмысын жетілдіру, сондай-ақ инновациялық технологияларды енгізу перспективалары бойынша ұсыныстар жіберу;

халық арасында, оқу орындарында сынып сағаттары, дәрістер кезінде энергия тиімділігі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Құрылыс, экология, көлік,
сауда және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Н. Купешов

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

Т. Нәрікбаев

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрайымы**

А. Табулдина